

Тайынша Маңы

Тайынша аудандық қоғамдық-саяси газеті
2006 жылдың 3 ақпанынан шыға бастады

№ 34 (945) 4 Тамыз 2023 жыл

facebook.com/tainsha.tany



http://tainshatany.kz



tainsha_tan@list.ru

МӘСЛИХАТ — ЫҚПАЛДЫ КҮШ

Владимир БУБЕНКО, облыстық мәслихаттың төрағасы.

Мемлекет басшысының кезекті Жолдауында қоғамның қажеттілігі мен сұранысына негізделген еліміздің саяси жүйесін кешенді жаңғырту бағдарламасы ұсынылып, жүзеге асырылатын ауқымды реформалар алуан түрлі көзқарастардың жиынтық көрінісі ретінде бағаланды. Қасым-Жомарт Кемелұлы осыған дейін қолға алынған өзгерістердің заңды жалғасы іспетті бұл бастамалар екі өзекті міндетті шешетінін атап көрсетті. Біріншісі, қоғамның дәйекті түрде демократиялануын, екіншісі, мемлекеттің орнықты әрі басқаруға икемді болуын қамтамасыз етпек.

Мұның өзі іргелі қоғамдық өзгерістер мен шиеленісе түскен геосаяси тартыс кезінде айрықша маңызды. Мемлекет басшысы реформа жасап жатырмыз деген атақ үшін ғана реформа жасаудың ешкімге қажеті жоқтығын, өзгерістер жұртқа жақсы көріну үшін жасалмайтынын, құлаққа жағымды, бірақ орындалуы екіталай, күмәнді көрсеткіштерге алданбау тиістілігін, қағаз бетінде ғана жүзеге асырылған, бірақ шындыққа жанаспайтын жалған табыстарға масаттанып отыратын заман келмеске кеткенін, халық көпірме сөз, бос үдені емес, көзбен көріп, қолмен ұстауға болатын оң өзгерістерді күтетінін айрықша ескертті. Президент “біз болашақта қандай ел болатынымызды нақты білеміз. Жаңа Қазақстанды азаматтық қоғамы қалыптасқан тиімді мемлекетке айналдырамыз”, – дей келіп, “күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет” қағидаты басшылыққа алынатынын қадап айтты. Мәслихаттардың рөлін арттырып, дербестігін қамтамасыз етуде мәслихат төрағасы лауазымының енгізілуінің де мәні айрықша. Сондай-ақ мәслихаттардың ықпалын барынша күшейту мақсатымен облыс әкімдерін тағайындау тәртібі өзгертілді. Бұған дейін депутаттар Мемлекет басшысы ұсынатын бір ғана кандидатураны талқыға салса, енді заңнамаға сәйкес облыс және республикалық маңызы бар қала әкімі лауазымына кем дегенде екі кандидатура баламалы негізде ұсынылады. Былайша айтқанда, әкімдер мәслихаттарда қарау нәтижесін ескере отырып тағайындалады. Бұл – өңір басшылары жанама сайлау арқылы қызметке келеді деген сөз. Осылайша саяси жаңғыру аясында мәслихаттар жергілікті өзін-өзі басқарудың негізгі буынына айналып, өкілді билік тармағын өзгерту жөніндегі жаңашылдықтар күшті парламенттік мәдениеті және ықпалды халық қалаулылары бар жаңа Қазақстанды құруға бағытталған. Сегізінші шақырылымдағы облыстық мәслихаттың депутаттары мажоритарлық-пропорционалдық сайлау жүйесі бойынша сайланып, “Атапат”, “Ауыл”, “Ақ жол” және “Respublika” партияларынан 15 және бірмаңдаттық сайлау жүйесі арқылы 15 үміткер халық қалаулысы атанды. Сөйтіп конституциялық реформа нәтижесінде мәслихаттың жартысына жуығы жаңартылды, оның құрамына түрлі сала мамандары кірді. Бюджет, қаржы, экономика салаларын дамыту және қоршаған ортаны қорғау, халықтың денсаулығын жақсарту, білім беру, мәдениет және жастар ісі, депутаттық өкілеттілік, азаматтар құқығы және заңдылықтар, қоғамдық ұйымдар және бұқаралық ақпарат құралдарымен байланыс мәселелері жөніндегі үш комиссия құрылды. Сессиялардың күн тәртібіне негізінен өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына тікелей қатысты аса маңызды мәселелер енгізіліп, талқыланады. Олар – экономиканы әртарапандыру, инженерлік, әлеуметтік инфрақұрылымды жаңғырту, ауылдық аумақтарға, кәсіпкерлікке ерекше серпін беру, шекара маңайында орналасқан елді мекен тұрғындарының қалыпты өмір сүруіне қолайлы жағдай тудыру, қаражаттың тиімді, мақсатты жұмсалуды, жер ресурстарын қорғау. Мұның бәрі табандылықты, бірлескен іс-әрекеттер мен жылдам шешімді қажет етеді. Зерделеу жұмыстары жүргізіліп, тиісті орынға нақты ұсыныстар берілді. Өңірде алға қойған мақсаттарды орындауға мүмкіндіктер мол. 2023 жылға бекітілген бюджет 420 млрд. теңгені құрайды. Республикалық бюджетті нақтылау есебінен қосымша қаражат бөлінді. Облыс тұрғындарының 50 пайыздан астамы ауылдарда тұратыны да ескерілген. Ең маңызды проблемалардың бірі – ауызсумен жабдықтау, сапалы медициналық көмек, білім беру нысандарының жағдайы және жол құрылысы. Кезекті сессиялардың бірі облыстық бюджетті бекіту туралы шешімге өзгерістер мен толықтырулар енгізуге арналды, тұрғындардың кекелеген санаттарына, оның ішінде дәрілік заттарға, арнайы емдік өнімдерге тегін медициналық кепілді көмектер беру ұсыныстары қолдау тапты. Жекелеген депутаттарымыз Сенаттың, Мәжілістің комитет отырыстарына қатысып, ұсыныс-пікірлерін білдіріп отырады. Мәселен, Сенаттың әлеуметтік-экономикалық және ғылым комитеті отырысында сөйлеген сөзінде халықтың денсаулығын сақтау, әлеуметтік қорғау, білім, мәдениет және жастар ісі жөніндегі тұрақты комиссияның төрайымы Ольга Клишина соңғы үш жылда 400-ден астам елді мекен, 2 ауылдық округ атауы өзгергенін, 12 мәдениет, спорт нысандарына, оқу орындары мен мектептерге белгілі тұлғалардың есімдері берілгенін, моральдық тұрғыдан ескірген жер-су атаулары жаңартынын жеткізді. “Атапат” партиясы жанындағы Отбасы істері және халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі республикалық кеңестің “Азаматтардың әлеуметтік осал топтары үшін тұрғын үйдің қолжетімділігі” тақырыбында өткен жиында Сәуле Сұрағанова

тұрғын үй кезегінде 20 мыңнан астам адамның тұрғанын, олардың 3607-сі – жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларға, 752-і – көпбалалы отбасыларға, 7633-і әлеуметтік осал топтарға жататынын, бұл бағыттардағы атқарылып жатқан шараларды айтып берді. Партияның “Жол картасы” жобасын талқылау отырысында депутаттар өте белсенділік көрсетті. Саяси ұйымның 2023-2027 жылдарға арналған сайлауалды бағдарламасы аясында 30 мың жұмыс орнын құру, 51 инвестициялық жобаны іске қосу, 7 мектеп, 46 денсаулық сақтау нысанын салу, 5 жыл ішінде тұрғындарды таза ауызсумен толық қамту, сапалы жолдардың үлесін 78 пайыздан 95 пайызға дейін жеткізу, 1,5 млн. шаршы метр тұрғын үйді пайдалануға беру межеленген.

Тұрақты комиссиялардың жұмыс жоспары бекітіліп, 2025 жылға дейінгі ұлттық жоспардың орындалуы жіті бақылауға алынған. Депутаттар Орынбасар Ысқақова, Гюлага Илдырымов, Владимир Эрман, Сергей Домаев, Бейбіт Сыздықов, тағы басқалары ерекше қамқорлыққа зору адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету, ауылдарда интернет байланысын жақсарту, балалар қауіпсіздігін күшейту, тағы басқа өзекті жайттарды ортаға салды. Құқық бұзушылықтардың алдын алу туралы жергілікті полиция қызметі басқармасының бастығы Айдын Байматовтың есебі тыңдалып, жыл басынан бері 1551 құқық бұзушылықтың тіркелгені, көрсеткіш 21 пайызға төмендегенімен, зорлау фактілерінің 9,1 пайызға көбейгені, ал сотталғандардың 95 пайызының жұмысқа орналастырылмайтыны айтылды.

Депутаттар сайлаушылар алдындағы дербес жауапкершілігін естен шығармайды. Азаматтар да өз өмірлерінің жақсы жаққа қарай өзгергенін байқаса, халық қалаулылары мен мәслихатқа деген сенім артары сөзсіз. Бұл орайда, халықпен кері байланыс орнату тәсіліне де жүгініп отырамыз. Аудандарда кездесулер өткізудегі басты мақсат – шешімін таппай келе жатқан проблемаларды бірлесіп талқылап, іске асыру жолдарын іздестіру. Депутаттар Айыртау ауданында болғанда құрылыс нысандарын аралап, жұмыс сапасына айрықша назар аударды. Ұзындығы 21,6 шақырым болатын су тарту жүйесінің құрылысымен танысты. Ғабит Мүсірепов атындағы ауданға қарасты Чистополье, Тахтаброд елді мекендері бойынша қоғамдық қабылдау ұйымдастырылды. Жұртшылық тарапынан жер үлестерін қайтару, су тарту желілерін орнату, көшелерді жарықтандыру, бейнекамералар қою мәселелері көтеріліп, отын-шөп бағасының қымбаттылығы айтылды. Кездесулерде көтерілген мәселелер бақылауға алынды. Тайынша ауданы, Вишневка ауылында мектептегі оқушылар санының азаюы байқалса, облыс орталығындағы Солнечный кентінің тұрғындарын балалар ойын алаңының, сумен жабдықтау жүйесінің болмауы толғандырады. Жол мәселесі, қоғамдық көлік қатынасы реттелді. Тораңғұл көлі жағасында орналасқан “Сосновый Бор” демалыс аймағы жазғы кезеңде зор туристік әлеуетке ие болғанымен, келушілерге жазғы демалыстың барлық мүмкіндіктері көрсетілмейтіні анықталды. Депутаттардың бір тобы қылмыстық атқару жүйесінің орташа қауіпсіздік мекемесінде болып, еңбек ұйымдарымен, сотталғандарды ұстау шарттарымен танысты. Цехтарда үй, кеңсе жиназдары, ат әбзелдері, кәдесый бұйымдары жасалады. Нан пісіріліп, аяқ киім тігіледі. Мекеме әкімшілігіне кәсіпкерлікті дамытып, өндіріс орындарын көбейту ұсынылды. Елімізде мәслихаттар құрылғаннан бері алғаш рет жергілікті өкілді билік органдарына айрықша көңіл бөлінді. Атап айтар болсақ, ел астанасында барлық деңгейдегі депутаттардың бірінші республикалық форумы жаңаша форматта өтіп, мәслихат өкілдері шақырылды. Сөйтіп сайланбалы органдардың рөлін күшейтуге үлкен мән берілді. Алқалы басқосуда қоғамды демократияландыру және билік құзыреттерін төменге беру үдерісі жалғасатыны атап өтілді. “Жергілікті өзін-өзі басқару туралы” заңның қабылдануы бұл бағыттағы маңызды қадам болмақ. Үкіметтің де, Парламенттің де, мәслихаттардың да мақсаты бір, ол – халықтың қамы және елдің мүддесі. Осыған орай барлық деңгейдегі мәслихат депутаттары тексеру комиссияларымен тығыз қарым-қатынас орната отырып, сайлауалды бағдаламалар мен “Жол карталарының” және қанатқақты жобалардың ойдағыдай орындалуына ықпал жасауды басты мақсат санады. Президент кеңейтілген кеңесте сөйлеген сөзінде реформаларды жүзеге асыру барысындағы бірқатар олқылықтарға да тоқталды. Негізгі мәселе – жұмыстың сапалы орындалмауы. Оның себептері – кейбір мемлекеттік қызметшілердің, басшылардың өз қызметіне салғартып қарайтынын, өзіне жауапкершілік алудан тартынатынын, қағазбастылық. Сондықтан ескі жұмыс тәсілін түбірімен жою үшін ерік-жігер таныту, жүктелген міндеттерді орындау үшін дереу іске кірісу, мемлекеттердің даму бағдары және басымдықтары басқаша сипат алуына байланысты батыл әрі жылдам әрекет ету талап етілді. Бүгінгі таңда көп нәрсе мәслихат депутаттарының әлеуметтік белсенділігіне, кәсіби даярлығына, білімі мен біліктілігіне байланысты екені айтпаса да түсінікті. Бұл орайда Президент белгілеп берген басымдықтар мен заңдарға енгізілген өзгерістер басшылыққа алынып, мәслихат қызметін тиімді ұйымдастырудың мүмкіндіктері жан-жақты қарастырылатын болады.

ХАЛЫҚ ҚАЛАУЛЫЛАРЫ ЕЛ ІШІНДЕ

Шілденің 27 жұлдызында аудандық мәслихат депутаттары алдағы жылыту маусымы мен жаңа оқу жылына ауылдық округтердің мектептерінің дайындығын тексерулерін жалғастырды. Новогречановка ауылында мектепке жақсы күтім жасалыпты, бұған оның жаңа боялған келбеті дәлел. Мектепте 20 оқушы білім алады. Оның ішінде Новодворовка ауылынан келетіндер де бар. Қазіргі уақытта қайта құру қарастырылуда. Себебі: оқушы саны аз. Мектеп қолайлы жабдықталған, 15 бейнебақылау камерасы бар, оның 7 - і сыртта, ал 8-і ішінде орналасқан. Ұзақ жануды қамтамасыз ететін жаңа екі қазандық алдағы қысқа сенімді жылыту жүйесі болып табылады. Сонымен қатар, Новогречановка ауылының медициналық орталығы жақсы жағдайда. Қазіргі уақытта дәрігер жоқ. Бірақ медбикенің қатысуы вакцинацияны, медициналық құжаттаманы жүргізуді және негізгі медициналық қызметтерді көрсетуді қамтамасыз етеді. Медициналық орталық сонымен қатар, инсулинге тәуелділіктен зардап шегетін адамдарға қажетті дәрі-дәрмектер мен керек-жарақтарға қол жетімділікті қамтамасыз ету арқылы қолдау көрсетеді.

Зеленый Гай ауылында Мәдениет үйі, клуб, наубайхана және монша сияқты орталық нысандар әдемі және жақсы жабдықталған қоғамдық орталыққа айналды. Алайда, осы ауылдың мектебінде әлі де жөндеу жұмыстары жүргізілуде, ол жақын арада аяқталуы керек. Мектепте бәрі жаңа боялған және батареялар ішінара ауыстырылған. Мектепте 207 оқушы бар. Сондай-ақ, 14 ішкі және 10 сыртқы бейнебақылау камераларының болуы мектептің қауіпсіздігін арттырады. Зеленый Гайдағы медициналық орталық жалпы жаман емес жағдайда, алайда қыс мезгілінде ғимарат өте салқын екен. Сол себепті, келесі жылы қабырғаларды оқшаулау үшін жөндеу жұмыстары жоспарланған. Сонымен қатар, ауылға сумен жабдықтаудың жақында енгізіліп қазіргі уақытта 1474 тұрғынды құрайтын халықтың әл-ауқатын қамтамасыз етудегі маңызды қадам болып табылады.

Шұңқыркөл ауылы тұрғындарының аздығына байланысты үлкен проблемаларға тап болады, бұл жергілікті мектепте оқушылардың жетіспеушілігіне әкеледі. Мектепте бар болғаны 3 оқушы. Ауыл тұрғындары жолдың өте нашар болғаны тұрғындарының күрт азаюына себеп дейді. Депутаттар бұл мәселені назарға алып, жолды шұғыл жақсарту мәселесін шешу мақсатында оны тұрақты комиссияда қарайтын болды. Тихоокеанск ауылында бұл аймақтарда жиі болып тұратын дауылды желдің салдарынан мектеп шатырының артқы бөлігін жұлынып кетті. Алдағы уақытта дереу жөндеуді жоспарлап отыр. Мектепте 49 оқушы бар және олар үшін барлық қолайлы жағдай жасалған. Сондай-ақ, ауылда жаңа медициналық пункт салу жоспарлануда, өйткені қазір медициналық пункт орналасқан ғимарат сапалы медициналық көмек көрсете алмайтын ескі тұрғын үй болып табылады екен.

Ильич ауылы мектеп пен қоғамдастық үшін тұрақты және сенімді су көзін қамтамасыз ету үшін дереу назар аударуды қажет ететін сумен жабдықтау мәселелеріне тап болды. Осы мәселені шешу мақсатында, ауыл маңына үлкен екі су резервуары салынууда. Бұл ауылдың тұрғындары қараусыз қалған үйден өз қолдарымен жергілікті амбулатория салғаны үшін үлкен мақтауға лайық. Қазіргі уақытта амбулатория сапалы медициналық көмек көрсету үшін барлық қажетті жағдайлармен жабдықталған. Агроном ауылының 30 адамға арналған мектебінде 5 бала оқиды. Қазіргі уақытта олар асхана салуды жоспарлап отыр. Дегенмен, аспазға деген қажеттілік және қазіргі жылыту іс-шаралары мектеп ресурстарының шектеулілігін көрсетеді. Киров ауылының мектебінде бәрі өте жақсы жүріп жатыр. Жалғасып жатқан капиталдық жөндеу жұмыстары оның 84 оқушысы үшін оқу жағдайын жақсартатыны сөзсіз. Жақында ғана жаңа жиназ кіргізіліпті. Сондай-ақ жаңартылған дәретханалар салынууда. Мектептің жоғарғы қабаттарындағы интернат басқа ауылдардан келіп оқитын оқушылар үшін ыңғайлы мекенге айналды. Сонымен қатар мектептің ас үйі барлық қажетті заттармен жабдықталған, оның ішінде: 4 тоңазытқыш, электр плитасы, мұздатқыш, ет тартқыш, таразы және интернаттағы балалар үшін ас үйде 2 аспаз жұмыс істейді. Вишневкада өткен аптадағы тексерістен бастап құрылыстың қарқыны жақсы. Жұмысшылар штаты айтарлықтай кеңейді. Қазіргі уақытта мектеп ғимаратына линолеум төселіп, жаңа есіктер орнатылды. Мектепте орталық жылыту орнатылған. Депутаттардың мұқият тексеріс комиссиясы бүкіл округтегі мектептер мен ауылдың инфрақұрылымындағы әртүрлі жағдайларға ерекше көңіл бөлді. Назар аударуды қажет ететін аймақтарды анықтау және ауылдық округтердің мәселелерін соған сәйкес шешу арқылы халық қалаулылары осы елді мекендердің тұрғындарының өмір сүру сапасын жақсартуды бақылауда ұстайды деп сенеміз.

Жаннұр БЕКТҮРҒАНОВА, тілші.

АУДАНДЫҚ ӘКІМДІКТЕ

Шілденің 26 жұлдызында аудандық әкімдіктің мәжіліс залында аудан әкімі Әлжанов Берік Ақылжанұлының төрағалығымен жиын өтті. Жиынға ауылдық округ әкімдері, бөлім басшылары және кәсіпкерлер қатысты. Өткен жиында күн тәртібінде жатқан үш мәселе қарастырылды.

Бірінші болып "Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің сәулет, құрылыс, тұрғын үй, коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобильдік жолдар бөлімі" басшысы Руденко Дмитрий Владимирович баяндама жасады. Ол халықты сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы айтып кетті. Қазіргі уақытта ауылдық елді мекендерді сапалы сумен қамтамасыз ету бойынша 6 жоба іске асырылуда. Олар Чкалово, Петровка, Мироновка, Ильичевка, Краснокамненка, Ильич ауылдарында өтіп жатыр. Жобалар аяқталғаннан кейін сумен қамтамасыз етілген ауылдық елді мекендер саны 21-ге дейін жетеді. Бұл халықтың жалпы санының 61% құрайды. Сонымен қатар, Келлеровка, Амандық, Драгомировка, Красная Поляна сияқты ауылдарына әсер ететін тағы бір жоба жүзеге асырылмақ. Оған қоса, жергілікті сумен жабдықтауды жақсарту мақсатында Келлеровка, Драгомировка, Красная Поляна, Летовочное ауылдарында су сараптамасы жүзеге асырылады. Барлық жобалар іске асырылғаннан кейін 2023 жылдың соңына қарай жалпы сумен қамтамасыз ету 33 ауылдық елді мекенді, 32 775 адамды құрайды, бұл халықтың жалпы санының 79,8% құрайды. Сонымен қатар, Амандық және Қарағаш ауылдарында жергілікті сумен жабдықтау көзін салу жобасы әзірленуде. Айта кететін жәйт, Дмитрий Владимирович жазғы кезеңдерде суды тұтыну едәуір артып, оны өшіруге әкелетінін атап өтті. Осы мәселені шешу үшін, тұтастай алғанда, ауылдық елді мекендерді таза ауыз сумен қамтамасыз ету үшін, "Есіл су" филиалы ірі жұмыс жобасын әзірлеуде. Ол жоба Тайынша ауданы мен СҚО ауылдық елді мекендерінде Булаев су құбырын қайта жаңарту және басқа су құбырларын салуды тамамдайды. Сол жоба шеңберінде, Тайынша қаласында сорғы станциясының жанында, қосымша 1000 текше метрден аса су жинақтағыш салынатын болады. Бұл жақсы жаңалықтың бірі болды. Бірақ аудан әкімі Берік Ақылжанұлы қазіргі уақытта біздің аудан сумен жабдықтау бойынша соңғы орында тұрғанын және барлық жобалар әзірге әзірлеу сатысында ғана тұрғанын ескерте кетті. Сонымен қатар, әкім олар ауыз сумен қамтамасыз етіп қана қоймай, барлық әкімдерді одан да көп жұмыс істеуге шақыра отырып, суды үйге дейін жеткізуді де айтып өтті. Екінші мәселе бойынша, 2023 жылдың бірінші жартыжылдығындағы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары және бюджет кірістері туралы, "Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі" басшысы Сәрсембаев Бекболат Әкімбайұлы баяндама жасады. Бірінші жартыжылдықта ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы көлемі 25 858 млн. теңгені құрады, нақты көлем индексі 107% болды. Бұл облыс аудандары арасында екінші орынға сәйкес келеді екен. Қалған көрсеткіштер өзгеріссіз қалды. Сондай-ақ, соңғы 7 айда жүргізілген мониторинг бойынша негізгі көрсеткіштердің көпшілігі оң динамикаға ие екені белгілі болды. Ал, артта қалған салалармен белсенді жұмыстар жасалуда. Сонымен қатар, осы сұрақ қарсаңында өнімнің нарықтық құны, тұрғын үй құрылысы, жалақыны көтеру, көші-қон процестерін реттеу, салық мәселелері, кірістер мен бюджет шығындары сияқты маңызды мәселелер талқыланды.

Келесі болып, "Мемлекеттік кірістер басқармасы" басшысы Сағатов Жаслан Меңдібайұлы шығыс бөліктерінің орындалуы туралы баяндама жасады. Жаслан Меңдібайұлы бүгінгі таңда жергілікті бюджет 160 млн-ға өскенін айтты. Алайда аудан бюджеті 24 миллионға артта қалып, ол жағымен әлі жұмыс жасап жатқанын айта кетті.

Соңғы мәселе бойынша, Тайынша мал шаруашылығының даму барысы туралы "Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі" басшысы Хамзина Айгүл Ермекбайқызы баяндама жасады. Ағымдағы жыл мал шаруашылығы саласында 2 жоба, сондай-ақ бұзау және шошқа кешенінің үшінші кезеңінің құрылысы іске асырылуда. Жоба табысты болуға уәде береді, іске асыру мерзімі 2023 жылдың соңы екен. Сондай-ақ, 2024 жылы көптеген жобаларды жүзеге асыру жоспарлануда. Талқылау барысында мал шаруашылығы саласындағы жұмысшылардың жалақысын көтеру және жұмысшылар штатын кеңейту мүмкіндігі қарастырылды.

Жаннұр БЕКТҰРҒАНОВА, тілші.

ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ ТҮЙІЛМАЙ ТҰР

Жыл сайын жақын адамының қолынан 500-ге жуық қыз-келіншек көз жұмып, полицияға жан ұшыра шырқырап көмек сұраған қыз-келіншектерден 100 мыңнан астам қоңырау түседі. Соңғы бес жылда тұрмыстық зорлық-зомбылық бойынша өтініштер саны 3 есеге артты. Биылдан бастап еліміздегі өзекті мәселелердің біріне айналған отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қатысты қолданыстағы кодекс баптары қатаңдатылды.

Отбасындағы зорлық-зомбылық – агрессияның ең көп таралған және әлеуметтік қауіпті түрлерінің бірі. Бұл мәселе тұтас бір мемлекеттің, оның экономикасы мен саяси жүйесінен сытылып шығып, жалпы қоғам қасіретіне айналдырады. Осы орайда 1993 жылы БҰҰ-ның бас ассамблеясы әйелдерге қарсы зорлық-зомбылықты жою туралы декларацияны қабылдаса, 2014 жылы әйелдер мен қыздарға қарсы зорлықтың алдын алуда Ыстамбұл конвенциясы қабылданған болатын. Ал 2015 жылы БҰҰ-ға мүше елдер 2030 жылға дейінгі тұрақты дамуға байланысты күн тәртібін бекітті. Қазақстан да зорлық-зомбылықтың барлық түрімен күрес механизмдерін жолға қойғанына қарамастан, соңғы бес жылдағы көрсеткіш көңілдегідей емес. Біздің өңірімізде биылғы жылдың ішінде 813 отбасылық-тұрмыстық құқық бұзушылық тіркеліп, 205 адам әкімшілік қамауға алынды.

Отбасындағы жанжалдан басталып зорлық-зомбылыққа ұласатын әрекеттерден зәбір көретіндердің басым бөлігі – балалар мен 26-45 жас аралығындағы әйелдер. Қылмыстық статистика бойынша соңғы үш жылда тұрмыстық әлім-жеттік көрген әйелдердің көрсеткіші 25 пайызға артқан. Әйелдер мен балаларды ұрып-соғу, зорлау, өлтіру сияқты қоғамды алаңдататын ең ауыр қылмыстар туралы үнемі естиміз де бізге қатысы жоқтай күнделікті тірлігімізді жалғастырып жүре береміз. Осылайша қоғам қалыпты өмірін өткізіп жатқанда, күн сайын өзіміз тұратын үйдің ішінде, бәлкім ту сыртында, я қараңғы бұрылыстарда ешкімге байқалмайтын зорлық-зомбылық оқиғалары орын алуда.

Мұндай мәселе әлеуметтік-тұрмыстық тұрақсыздық, жұмыссыздық, жалпы психологиялық тұрақсыздық, отбасының материалдық деңгейінің төмендігі, маскүнемдік, адами құндылықтың құлдырауы және отбасы институтының жоғалуы салдарынан орын алады. Бұдан бөлек, интернет пен бұқаралық коммуникациялардағы алкогольдік ішімдіктің, қатыгездіктің, зорлық-зомбылықтың насихатталуы да әсер етпей қоймайды. Өкінішке қарай, зорлық-зомбылық әрекеттері жоғары білімі, беделді қызметі, жақсы табысы бар адамдар арасында да жиі орын алады.

Мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғамның қабылдап жатқан шараларына қарамастан елімізде отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылық деңгейі жыл санап артып келеді. Ішкі істер министрлігінің кеңейтілген отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев аталмыш мәселені ерекше атап көрсетіп, кешенді алдын алу шараларын қабылдау керектігін айтқан болатын. Бас прокуратураның 2018-2022 жылдар аралығындағы ақпаратына сүйенсек, ауыр және аса ауыр қылмыстардың көрсеткіші біршама артқан. Оның ішінде әйелдерге қатысты ауыр қылмыстар 153 пайызды, ал аса ауыр қылмыстар 20 пайызды құрап отыр.

Зорлық-зомбылық көрсеткіштерінің артуының бірнеше себебі бар. Соның ең бастысы – қиын жағдайға тап болған жәбірленушінің қайда барарын, кімнен көмек сұрауын білмей, тауы шағылып, жағдайға мойынсұнуы. Кейін жағдайдың дұрысталатынына, жәбірленушінің сабасына түсіп, өзгеретініне соңына дейін сенеді. Әрі көп жағдайда күйеуіне қаржылай және психологиялық жағынан тәуелді болғандықтан, болған жағдайды жылы жауып қоя салады. Өздері жұмыс істемейтін, күйеуінің табысына қарап отырған әйелдер полицияға арызданса, оған айыппұл салынатынын немесе әкімшілік жаза қолданылатынын біледі. Екі жағдайда да отбасына кесірі тиеді. Қылмыстық жаза тағайындалып, бас бостандығынан айырылса, балаларын қалай асырауын білмей басы қатады. Сол себепті көптеген әйелдер жанына батса да шыдап, тек өлім аузына таяған шақта ғана полицияға жүгінеді. Мұндай жағдайда балалардың жағдайы тіпті қиын. Ата-анасы ажырасуға дейін барғанда баланың ойы күпті болып, күнделікті қамқорлық, мейірім және махаббаттан қағылудан қорқады. Қорғансыздың күйін кешкен бүлдіршін жанжалдасқан әке-шешесіне көмектесуге тырысып, психологиялық, кейде тіпті таяқтың астына түсіп, жапа шегіп жатады.

Шынымен, зорлау фактілерін жасыруға тырысып, тіпті құқық қорғау органдарына жүгінгісі келмейтіндер көп. Қоршаған ортасы сөз етіп, болған жайды бетіне басады деп қорқады. Жоғарыда көрсетілген цифрлардың барлығы тек ресми статистика. Біз қорқыныштан, ұяттан және отбасылық тәуелділік салдарынан жәбірленушілер іштей тынып, қаншама қылмысты жасырып жатқанын анық білмейміз. Отбасындағы зорлық-зомбылық үшін қылмыстық жауапкершілікке тартудың уақыты келді. Аталмыш мәселені шешуде гендерлік теңдік мәселесіне мән беру, жұмысқа орналасу талаптарының тең болуын қамтамасыз ету, осылайша әйелдердің қаржылық тәуелсіздігін қалыптастыру үшін жағдай жасау қажет деп есептеймін. Оны мектеп қабырғасынан қалыптастыру

маңызды. "Қалың мал" беріп, келін түсіргендер осылайша "сатып алған" бойжеткенді енді күндікте ұстауға болады дейтіндер әлі де кездеседі.

Қоғамның берекесі отбасындағы ахуалға тікелей байланысты. Кез келген зорлық-зомбылық түрі жазасыз қалмауы тиіс. Бұл ретте түскен қоңырауға бірден әрекет етіп, құқық бұзушыны жазалауда полицияға үлкен жауапкершілік жүктелген. Біздің өңірімізде биылғы жылдың 6 айында полиция органдары 21 факті тіркеген екен. Әйелдерге қатысты қылмыстық құқық бұзушылықтар 57 фактіден 48-ге дейін 15 пайызға кемігені куантады. Алты ай бойы тәртіп сақшылары 300-ден астам рейдтік шара жүргізіп, 82 тұрмысы нашар отбасын тіркеген. Мұның барлығы жай ғана сандар емес, тәулік бойы тыным таппай қоңырауларға шығып, үйлерді аралаған тәртіп сақшыларының еңбегінің көрсеткіші.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексте жанжалқойларды тәртіпке шақыратын баптар да жәбірленуші тарапты қорғай алмай келгенін мойындау қажет. Жақында кодекске зорлық-зомбылыққа қатысты жазаны қатаңдату бойынша түзетулер енгізіліп, 1шілдеден бастап құқықтық құжат заңды күшіне енді. XIX ғасырдың ортасына дейін көптеген елдердің құқықтық жүйесінде әйелді ұрып-соғу заңға қарсы әрекет деп есептелмеген. Бүгінде Еуропаның мемлекеттерінде заңды мейілінше қатаңдату қолға алды. Әлемдік тәжірибеде отбасылық зомбылықпен күрестің тиімді тәсілі ретінде қорғау ұйғарымы институты құрылды. Мәселен, Австралияда қорғау ұйғарымы жәбіреушінің үйге, оның аумағына, жұмыс орны мен балалар баратын мектеп немесе балабақшаға баруына тыйым салады. Мұндай қорғау шаралары әдетте 14 күнге созылады, кейбір жағдайларда бір жылға немесе ажырасқанға дейін ұзартылуы мүмкін. Елімізде де қорғау ұйғарымын бұзғандарға жауапкершілік қатаңдатылды. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске енгізілген толықтырулар бойынша енді ішкі істер органдарының ұйғарымын бұзғаны үшін 10 тәулікке қамауға алынады. Бұрын 5 күн болатын. Биылғы жылдың алғашқы жартыжылдығында 1527 ұйғарым шығарылып, 89 адам жауапқа тартылды. Десек те біздегі ұйғарымдар зомбылық құрбандарын толыққанды қорғай алып отырған жоқ. Құқық қорғау органдарына жүгінген жәбірленушіден агрессор алшақтатылмайды. Оның басқа баспанасы болған жағдайда ғана үйден аластату туралы ұйғарым шығарылады. Жаңа өзгерістерге сәйкес енді ұнаскелік инспектордың, жәбірленушінің туыстарының және көршілерінің арызы іс ашуға негіз бола алады. Арыздар қайта қайтарылмайды. Полиция қызметкерлері отбасындағы зорлық фактісін зерттемес бұрын міндетті түрде оқытылады. Бұл өте дұрыс шешім деп есептеймін. Сонымен қатар жаңа нормаға сәйкес тараптар бір рет қана татуласа алады. Екінші рет сотқа жүгінген жағдайда, татуласу мүмкіндігі берілмейді. Осылайша агрессордың оңайлықпен жауапкершіліктен құтылып кетуіне жол берілмейді. Отбасылық жанжал үшін оған ескерту жасалады немесе бес тәулікке қамауға алынады. Бірінші реттен сабақ алмаған жағдайда 10 тәулікке қамалады. Қол көтерсе 10 күнге, зомбылық әрекетін қайталаса 20 күнге тұтқындалады. Жәбірленушінің денсаулығына зиян келтірсе – 15, қайталаса 25 тәулікке дейін темір торға тоғытылады.

Жәбір көрушілерге психологиялық, медициналық, заңгерлік көмек көрсетуде дағдарыс орталықтарының маңызы зор. Елімізде 41 дағдарыс орталығы бар. Олардың 14-і мемлекеттік. Әрине, орталықтар саны әлі де жеткіліксіз. Сонымен қатар мемлекеттік және мемлекеттік емес дағдарыс орталықтарының жұмыстарын біріздендірген дұрыс. Мысалы, жәбірленуші мемлекеттік дағдарыс орталықтарының көмегіне полицияға арыз түсірген соң ғана жүгіне алады. Мемлекеттік орталықтарды қаржыландыру мәселесінде де қиындықтар бар. Жәбірленушілер бірден дағдарыс орталықтарына жүгінетіндей жағдай жасау маңызды. Ол үшін орталықтарды мемлекет тарапынан қаржылай қолдау қажет. Отбасылық институтты нығайту және тұрмыстық жайсыздықтардың, зорлық-зомбылықтардың, балалар буллингін алдын алу бойынша негізгі мақсатты индикаторларды өңірдің аумақтық дамуының жоспарына енгізетін кез келді деп есептеймін. Кәмілеттік жасқа толмағандар және әйелдер жөніндегі комиссияның жұмысын қайта қарап, тиімді болмаса, оны қайта құру немесе жабу керек. Тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына қызмет көрсету стандарттарын да өзгерту қажет. Мысалы, әйелдердің дағдарыс орталықтарында 6 ай емес, одан ұзақ болғаны дұрыс. Зорлық-зомбылық қоғамда жат құбылысқа айналуы тиіс. ЮНИСЕФ сауалнамаларына сәйкес, Қазақстандағы ересектердің 46 пайызы физикалық жазаны тәрбиелеудің қолайлы бөлігі және тәртіп үшін қажет деп санайтынын білесіз бе? Менің ойымша, бұл зорлық-зомбылықты тудырады. Балаларымыздың бойына қорқыныш пен қатыгездікті сіңіру арқылы болашақ ұрпақ арасында зорлық-зомбылықты көбейтетінімізді естен шығармағанымыз абзал.

Жанат ЖҰМБАЕВ,
Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша өкілі.

КӘСІПКЕРЛІККЕ КЕҢ ӨРІС

Тамыздың екінші жұлдызында біздің шағын қалада жаңадан күнделікті тұрмыстық тауарлар дүкені ашылды. Дүкенді ерлі-зайыпты Шүлембаев Сағымбай Мұхатайұлы мен оның жұбайы Шүлембаева Марал Құрманғалиқызы ашты. Олар Тайынша қаласында 20 жылдан бері тұрып, қатарларының қалмай еңбек етуде. С.М.Шүлембаев қалаға келген беттен бірден еңбекке араласып, 20 жыл еңбек өтілін жинап алған азамат. Бүгінгі таңда КEGOK- та маман электромонтер. Ал, Марал Құрманғалиқызы болса, соңғы 10 жылда, әсіресе, тайыншалық қыз-келіншектерге тырнақ әрлеуші ретінде танымал. Отбасында жас отбасы төрт бала тәрбиелеп отыр. Қария ата-аналарының да жағдайын жасап, үнемі қамқорлық көрсетіп, үлкендерден бата алған жаны жайсаң, жомарт жандар.



Жас кәсіпкерлер дүкенді зор еңбекпен ашқанын айтады. Бастапқыда бір ой пайда болып, кейін арман-мақсатқа айналған екен. 4-5 жыл бойы ақша жинап, ғимарат салып, клиенттер үшін жайлы интерьер ойластырып, енді бүгінгі күні біз сіздермен адам арманының орындалуының куәгері болып отырмыз. Иелердің өздері де "Адам армандай білу керек екен", - деп қуана айтады. Ерлі-зайыптылар өз халқына пайдалы болатын дүкен ашқысы келді. Сондықтан Алматыдан тек сапалы өнімді әкеліп, халыққа қол жетімді бағамен сатуды тырысады. Салтанатты ашылу рәсімін аудандық "Кәсіпкерлік бөлімінің" басшысы Н.В. Голубь өткізді.

Дүкен иелері мұнымен тоқтап қалмайтындықтарын және болашақта ассортиментті ұлғайту жоспарланғанын айтады. Тұрмыстық техника мен тұрмыстық химия әкелінетін болады. Бұл жұмыс орнында қосымша бір адам жұмыспен қамтылады. Осы күннің тағы бір ерекшелігі көптен күткен бизнестің ашылу күні мен дүкен иелерінің ата-аналарының мерейтойы бір күнде тұспа-тұс келгені жағымды жаңалық, тосын сый болды. Осы күні дүкен иелерінің ата-аналарының бірге отбасы болып тұрғанына 48 жыл толды. Осыған орай, жас мамандарды екі мәрте мерекемен шын жүректен құттықтаймыз! Жаңа жұмыс орнында сәттілік!

Жаннұр БЕКТҰРҒАНОВА, тілші.

САҚТАНДЫРУ МӘРТЕБЕСІ

Сақтандырылған мәртебесін алу үшін азаматтар өткен 12 айға немесе алдағы 12 айға жарна төлеуі тиіс. Сондай-ақ, жеңілдік санаттарына кіретін адамдарға мемлекет жарна төлейді. Ал әскери қызметшілер МӘМС төлемдерінен босатылған. Бұл ретте олар МӘМС жүйесінде сақтандырылған мәртебесін қалай ала алады? Осы жайында толығырақ білу үшін Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының жеке және заңды тұлғалармен жұмыс жөніндегі департамент директоры Забира Оразалиеваны әңгімеге тарттық.

Әскери қызметшілер тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру аясында медициналық көмек ала алады. Осы екі пакет шеңберінде көрсетілген медициналық қызметтер бойынша денсаулық сақтау ұйымдарына қаражатты Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры төлейді.

ҚР «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» Заңына сәйкес әскери қызметшілер МӘМС жарналары мен аударымдарынан босатылды, яғни жұмыс берушілер олардың жалақысынан ұстап қалуды жүргізбейді.

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры МӘМС жүйесінде әскери қызметшілердің мәліметтерін «Адамдарды арнайы есепке алу» ақпараттық жүйесіне ЖСН көрсете отырып енгізілген әскери қызметшілер, құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдарының қызметкерлері есебінен алады. Олар бойынша деректерді әскери бөлімдердің, әскери басқару органдарының қызметкерлері енгізеді. Қор жүйесінде әскери қызметшінің ЖСН-ы шыққан соң ол автоматты түрде сақтандырылған мәртебесін алады және жарналар мен аударымдарды төлеуден босатылады», - деді Забира Оразалиева.

«Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Заңның 50 және 52-баптарына сәйкес, әскери-медициналық мекемелер әскери қызметтен босатылған адамдарға және әскери қызметшілердің отбасы мүшелеріне міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсететін болады. Ол үшін қажетті нормативтік құқықтық база құрылды.

Забира Оразалиеваның айтуынша, әскери-медициналық мекемелер ТМҚК тізбесі және МӘМС жүйесіндегі медициналық көмек аясында тек әскери қызмет атқарып жүрген қызметкерлер ғана емес, сондай-ақ әскери қызметтен босатылған, әскери қызмет міндеттерін орындау кезінде ауруға шалдыққан, сонымен қатар, 20 және одан да көп жыл еңбек еткен адамдарға, әскери қызметшілердің отбасы мүшелеріне, азаматтық персоналға, медициналық қызметтердің өзге де тұтынушыларына медициналық көмек көрсетеді.

«Әскери қызметшілерге азаматтық денсаулық сақтау желісінде медициналық көмек көрсету елдің барлық халқы сияқты, тіркелген жері бойынша емханада да жүзеге асырылады. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес, келісімшарт бойынша әскери қызметшілердің отбасы мүшелері, сондай-ақ әскери қызметтен босатылған адамдар тіркелген денсаулық сақтау ұйымдарында амбулаториялық-емханалық көмек алады. Сондай-ақ, әскери-медициналық мекемелер мен тіркелген емханасы арасында бірлесіп орындау шарты болса, учаскелік дәрігер консультациялық-диагностикалық көмек алуға жолдама береді», - дейді Забира Оразалиева.

Айта кетерлігі, осы санаттағы адамдарды әскери-медициналық мекемелерге жоспарлы стационарлық емдеуге жатқызу тіркелген медициналық мекемеде «Емдеуге жатқызу бюросы» порталы арқылы жүзеге асырылады. Шұғыл жағдайларда әрі қатты ауырсыну кезінде емдеуге жатқызу жедел медициналық жәрдем немесе өз бетінше жүгіну бойынша жүргізіледі.

Әскерде борышын өтеп жүрген сарбаздар МӘМС жарналарын төлеу керек пе?

ҚР Қарулы күштерінде мерзімді әскери борышын өтеп жүрген сарбаздар да осы кезеңге жарналар мен аударымдарды төлеуден босатылған. Яғни, жұмыс істеп жүріп, әскерге кеткен азаматтар жарналар мен аударымдарды төлеуі және олар үшін қарыз жиналмауы керек.

Сарбаздар туралы деректерді қорғаныс органдары жібереді. Егер қандай да бір себептермен мәліметтер уақытылы жіберілмей қалса, берешек пайда болады. Бұл жағдайда Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры басшысының атына берешекті жою туралы өтініш жазып, әскери билеттің сканерленген нұсқасын тіркеп kanc@fms.kz электрондық мекен-жайына жіберу керек.

Егер әскерде борышын өтеп жүрген азамат үшін жарна төленсе, «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы арқылы қате төленген жарналарды қайтаруға өтініш бере алады.

Егер сіздің тағы да сұрақтарыңыз болса, өз емханаңыздағы «Пациенттерді қолдау қызметіне» жүгініңіз. Ал ол жерде мардымды жауап ала алмасаңыз, Қордың өзіңізге ыңғайлы арналары бойынша өтініш-шағымдарыңызды қалдыра аласыз:

- fms.kz ресми сайты
- Qoldau 24/7 мобильді қосымшасы
- Telegramдағы SaqtandyruBot
- 1414 Бірыңғай байланыс орталығы

Сондай-ақ Электронды үкіметтің egov.kz сайтындағы «Денсаулық сақтау» бөлімінде «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіне медициналық көрсетілетін қызметті тұтынушы ретінде қатысу туралы және аударымдардың және (немесе) жарналардың аударылған сомалары туралы ақпарат ұсыну» мемлекеттік қызметі арқылы медициналық сақтандыру жүйесіндегі өз мәртебеңізді тексеруге және жүргізілген төлемдер туралы ақпарат алуға болады.

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының баспасөз қызметі.

КӘСІБИ МАМАН — МЕМЛЕКЕТТІҢ ТІРЕГІ

Сейлхан СЕРІКБАЕВ, облыс әкімі аппаратының әдеп жөніндегі уәкілі.

“100 нақты қадам” ұлт жоспарында кәсіби мемлекеттік аппаратты қалыптастыру үшін әдеп мәселелері жөніндегі қызметті енгізу қарастырылған. Ол мемлекеттік қызметшілердің оң имиджін қалыптастыруға ықпал етеді. Осы мақсатты іске асыру үшін әдеп жөніндегі уәкілдер институты енгізіліп, арнайы ережесі бекітілді. Әдеп жөніндегі уәкілдер институтын нығайтудың мақсаты, халықтың мемлекеттік органдарға деген сенімінің артуына, мемлекеттік қызметшілердің мәдениетінің қалыптасуына, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл заңнамасы мен қызметтік әдеп нормаларының бұзылуының алдын алуға мүмкіндік береді.

Әдеп жөніндегі уәкіл өз құзыреті шегінде мемлекеттік қызметшілердің құқықтары мен заңды мүдделері бұзылған жағдайларда, оларды қорғауға және қалпына келтіруге бағытталған шараларды қабылдайды, мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп нормаларын сақтауын мониторингілеуді және бақылауды жүзеге асырады, мемлекеттік қызметтің оң бейнесін қалыптастыруға өз үлесін қосады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл заңнамасының және қызметтік әдеп нормалары талаптарын бұзудың алдын алуға қамтамасыз етеді. Мемлекеттік қызметшілер мен азаматтарға кеңес береді. Сонымен қатар мемлекеттік органның оң имиджін және ұжымда жағымды ахуал қалыптастыруға белсенділік танытқан қызметшілерді көтермелеу туралы ұсыным білдіреді. Әдеп жөніндегі уәкілдер институтын нығайту, халықтың мемлекеттік органдарға деген сенімінің артуына, мемлекеттік қызметте өзара қарым-қатынас мәдениетінің қалыптасуына, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың және қызметтік әдеп нормаларын бұзудың алдын алуға мүмкіндік береді. Солтүстік Қазақстан облысы әкімі аппаратының әдеп жөніндегі уәкілі Әдеп кодексінің нормалары, мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама нормалары бұзылуының алдын алуға, мемлекеттік қызметкерлердің шектеулерді сақтауына және уәкілетті органның ұсыныстарын орындауына, мемлекеттік қызметкерлердің өз ішінде, бірінші кезекте, халықпен және қоғамдағы азаматтармен өзара қарым-қатынас жасаудағы әдептілігін жақсартуға, сондай-ақ жергілікті атқарушы және мемлекеттік органдардағы ұжымдарда моральдық-психологиялық ахуалды жақсартуға бағытталған жұмыстарды атқарды. Осы орайда өткізілген іс-шаралар әдеп жөніндегі уәкілдің және оның қызметін жетілдіру жөнінде бекітілген жұмыс жоспарын іске асыру аясында жүргізілген болатын. 2023 жылғы 7 ақпан және 1 маусымда жұртшылықпен және азаматтық қоғаммен өзара іс-қимыл аясында «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің мемлекеттік қызметшілері арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру жөніндегі қоғамдық бірлестікпен бірлескен жұмыс» және «Қызметтік автокөлікті мақсатты пайдалану» тақырыбында кездесу өтті.

Кездесуде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және қызметтік автокөлікті мақсатсыз пайдалану фактілерін жою жөніндегі нақты жұмыстар талқыланды. Аталған мәселе бойынша мемлекеттік қызметшілердің тәртібін нығайту ісінде одан әрі өзара іс-қимыл мәселелері сөз болды. Жалпы алғанда бұл кездесу — заңға бағыншылықты қалыптастыруға және қызметтік автокөлік құралдарын пайдалану саласындағы құқық бұзушылықтың алдын алуға бағытталған бірлескен профилактикалық мониторинг нәтижесі. Сонымен қатар қызмет әдебінің нормаларын түсіндіру мақсатында, Әдеп кодексінің сақталуын бақылау және оған мониторинг жасау үшін облыс әкімі аппаратының, басқармалардың мемлекеттік және азаматтық қызметкерлерінің қатысуымен онлайн және онлайн режимдегі тұрақты кездесулер ұйымдастырылып отырады.

Атап айтқанда, облыс әкімі аппаратының әдеп жөніндегі уәкілі мемлекеттік қызмет туралы заңнаманы сақтау, құқық бұзушылықтың алдын алу және Әдеп кодексінің сақтау мәселелері бойынша 206 шара ұйымдастырды. Сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және қызметтік әдепті сақтау қажеттілігі бойынша республикалық, жергілікті арналарда сюжеттер көрсетілді. Бұдан басқа мемлекеттік қызметке алғаш келгендерге арналған “Мемлекеттік қызметшілер қызметінің моральдық, әдеп және адамгершілік бағдарларының негіздері”, “Әдеп және адалдық”, “Әдеп нормаларын сақтау”, “Мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік қылық және олардың салдары” деген тақырыптарда онлайн және офлайн семинарлар жүйелі негізде өткізіліп тұрады. Осындай жұмыс Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы мемлекеттік басқару академиясының Солтүстік Қазақстан облысы бойынша филиалында да өткізіледі. Осы жылғы 15 маусым және 6 наурызда облыс әкімі

аппаратының және басқармалардың мемлекеттік қызметке жаңадан қабылданған 43 қызметшісіне түсіндіру және профилактикалық кездесу өткізілді. Кездесу барысында жас мамандарға қызметтік әдеп нормаларын түсіндіруден басқа, интерактивті форматта жұмысқа байланысты ғана емес, әртүрлі өмірлік жағдайлар туралы әңгіме жүргізілді. Алдын алу мақсатында олардың назарына облыстың мемлекеттік қызметшілері жиі жасайтын қызметтік әдепті бұзу фактілері, орын алған сыбайлас жемқорлық қылмыстар туралы айтылды.

Ал мемлекеттік қызмет істері департаментінің өкілдері аудандардың және Петропавл қаласының әдеп жөніндегі уәкілдерінің қатысуымен төрт жұмыс кеңесін өткізді. Аталған кеңестерде әдеп жөніндегі уәкіл міндетін атқарушыларға “Басшының ұжымдағы моральдық-психологиялық ахуалды жақсартудағы ролі”, “Мемлекеттік қызметкерлерге арналған мүдделер қақтығысына, Әдеп кодексінің бұзылу және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға жол бермеу жөніндегі ұсыныстар”, “Мемлекеттік қызметкерлерге арналған әлеуметтік желіде жұмыс істеу жөніндегі жадынама” нұсқаулықтарының мазмұны туралы айтылды. Бұдан басқа, мемлекеттік қызмет істері департаментімен бірге “SOFT-SKILLS” тақырыбында бір күндік семинар-тренинг ұйымдастырды. Азаматтарды қабылдау бекітілген кестеге сәйкес “WhatsApp” платформасында және “Facebook” әлеуметтік желісінде жүйелі түрде өткізіліп тұрады. Азаматтарды қабылдау кестесі, сондай-ақ азаматтарды қабылдау өткізілетін күндер әлеуметтік желіде, БАҚ-та алдын ала жарияланады. “WhatsApp” платформасында аудандар және Петропавл қаласының әдеп жөніндегі уәкілдерімен бірлесіп Біріңғай азаматтарды қабылдау және кеңес беру күні өткізілді. 124 жеке қабылдау болса, оның 33-і аудандарда өтті. 150-ден астам мемлекеттік қызметкерге түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Көшпелі іс-шаралар барысында мемлекеттік қызметкерлердің әдептілік деңгейін арттыру мақсатында, Әдеп кодексінің нормасы мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды білу деңгейін бағалау тәжірибесі қолданылады. Ескерту мақсатында әріптестерінің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасалғаны жөнінде бірден хабардар етіледі. Құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында 170 мемлекеттік қызметкерге мемлекеттік қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және қызмет әдебі мәселесі жөнінде көмек көрсетілді. Есепті кезең басталғалы әдеп жөніндегі уәкілге мемлекеттік қызметкерлердің іс-әрекетіне шағымданған 6 өтініш түскен болатын. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 116,6 пайызға аз. Түскен өтініштердің барлығы тексеріліп, заңға сәйкес жауап берілді. Мемлекеттік қызметкерлердің артық жұмыс істеуінің алдын алу мақсатында облыс әкімі аппаратында және басқармаларда еңбек тәртібін сақтау ұдайы тексеріліп отырады. Аудандар және Петропавл қаласы әкімдіктерінің әдеп жөніндегі уәкілдері мен мемлекеттік орган басшыларына мемлекеттік қызметкерлердің жұмыс режимін сақтауды қамтамасыз ету жөніндегі ұсыныстар жолданды. Жүйелі түрде жүргізілетін алдын алу іс-шараларының арқасында мемлекеттік қызметкерлерді үстеме жұмысқа тарту барынша азайды. Басқармаларда қызметкерді артық жұмыс істеуге тарту туралы тиісті бұйрық шығару кеңінен қолданылады. Есеп кезеңінде артық жұмыс істеудің алдын алу бойынша 28 профилактикалық іс-шара өткізілді. Әдеп жөніндегі уәкілдің маңызды міндеттерінің бірі — жергілікті атқару мекемелерінде моральдық-психологиялық ахуалды бақылау. 2023 жылдың мамыр айында “Google” интернет платформасында “Gmail” бағдарламасы арқылы облыс әкімдігінің барлық 20 басқармасында және облыс әкімі аппаратында моральдық-психологиялық ахуалдың жай-күйін анықтау бойынша анонимді сауалнама жүргізілді, оған 487 мемлекеттік қызметші қатысты. Сонымен қатар ай сайын әлеуметтік желілерге, мемлекеттік қызметшілерінің ақпараттарына мемлекеттік қызметке кір келтіретін фотосуреттердің, посттардың және басқа да ақпараттық болуына мониторинг жүргізіледі. Мүдделер қақтығысы жоқ. Жақын туыстардың бірге қызмет істеу, мемлекеттік қызметшілердің өзге де ақы төленетін қызметпен айналысу фактілері анықталған жоқ. Облыс әкімдігінің ұжымдарында моральдық-психологиялық ахуалды жақсарту бойынша ұсыныммен шектелмей, ұжымдармен түсіндіру кездесулері өткізілді. Онда ұжымдардағы қалыптасқан жағдай егжей-тегжейлі талқыланды. Облыс әкімі аппаратында және басқармаларында моральдық-психологиялық жағдайды анықтауға бағытталған сауалнама нәтижелері барлық мемлекеттік органдардың назарына жеткізілді, олар ұжымдармен кездесулер өткізу кезінде айтылады. Мемлекеттік қызметшілердің қызмет әдебін және жемқорлыққа қарсы мәдениетті нығайту ісінде азаматтық қоғаммен және жұртшылықпен өзара іс-қимыл бойынша жұмыстар одан әрі жалғасатын болады.

Сайлау – 2023

2023 жылғы 27 тамызға тағайындалған Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Краснополян ауылдық округі әкімі сайлау бойынша Тайынша аудандық сайлау комиссиясы ХАБАРЛАМАСЫ

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Краснополян ауылдық округінің әкімі ретінде кандидатты тіркеу туралы.

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 113-5-бабына сәйкес аудандық сайлау комиссиясы Краснополян ауылдық округі әкімінің кандидатты тіркеді:

Жұқашев Жаслан Рашитұлы, 1996 жылы туған, «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімінің аппараты» КММ, әкімнің кеңесшісі, Тихоокеанское а., өзін-өзі ұсыну тәртібімен ұсынылған.

Аудандық сайлау комиссиясы.

* * * * *

2023 жылғы 27 тамызға тағайындалған Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Донецк ауылдық округінің әкімі сайлау бойынша Тайынша аудандық сайлау комиссиясының ХАБАРЛАМАСЫ

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Донецк ауылдық округінің әкімі ретінде кандидатты тіркеу туралы.

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 113-5-бабына сәйкес аудандық сайлау комиссиясы Донецк ауылдық округі әкімінің кандидатты тіркеді:

Есенбаев Асқар Серікұлы, 1983 жылы туған, «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі» КММ, басшысының орынбасары, Тайынша қ., өзін-өзі ұсыну тәртібімен ұсынылған.

Аудандық сайлау комиссиясы.

САЙЛАУ – 2023 материалдары аудандық сайлау комиссиясымен жергілікті бюджет есебінен төленді.

Құрметті Тайынша ауданының тұрғындары!

Сіздерді Тайынша қаласында қаржылық сауаттылық бойынша өтетін онлайн-тренингке шақырамыз! 7 тамыздан бастап АМАНАТ партиясының ғимаратында сағат 10.00-ден 12.00-ге дейін сіз отбасылық бюджетті сауатты басқару, қаржыны жоспарлау, кредиттік жүктемені басқару және қолжетімді қаржы құралдары мен мемлекеттік қолдау шаралары туралы біле аласыз. Тренингке қатысу тегін. Орындар саны шектеулі. Байланыс телефондары: 22-0-47.

"МЕКТЕПКЕ ЖОЛ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АҚЦИЯСЫ

Солтүстік Қазақстан облысының Тайынша ауданында 2023 жылдың 1 тамызында жыл сайынғы "Мектепке жол" республикалық акциясы басталады.

Акцияның мақсаты – аз қамтылған, көп балалы, тұрмысы төмен отбасылардағы балаларға, жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға әлеуметтік көмек көрсету, әлеуметтік себептер бойынша балалардың мектепке келмеуінің алдын алу.

Биылғы жылы қайырымдылық акциясына ерекше назар аударылып, "Жақсылық жаса" ұранымен өткізілуде.

Қазақстан Республикасының әрбір азаматы халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан балаларды мектепке даярлауда атаулы көмек көрсетуде азаматтық белсенділік таныта алады, оның мектепке баратын жолы қуанышты болуы үшін әрбір балаға зейіні мен шынайы қамқорлығын көрсете алады.

Акцияның басталуы 2023 жылдың 1 тамызында, аяқталуы – 2023 жылдың 30 қыркүйегінде жоспарланған. Баланы мектепке дайындау, қажет нәрсенің бәрін сатып алу өте қымбат. Әсіресе, бірден бірнеше бала тәрбиеленетін отбасылар үшін, сондай-ақ қиын өмірлік жағдайға тап болған отбасылар үшін қиын. Біздің әрқайсымыз халықтың әлеуметтік осал топтарындағы балаларды мектепке даярлауда атаулы көмек көрсетуде азаматтық белсенділік таныта аламыз және көмек көрсете аламыз.

Балаларға мектепке дайындалуға көмек көрсетуге ниет білдіргендер тікелей Тайынша ауданының білім бөліміне немесе 8 (71536) 21259 телефоны бойынша, сондай-ақ тұрғылықты жері бойынша білім беру ұйымына жүгіне алады.

Продается квартира в двухквартирном доме в селе Петровка.

Ул. Центральная 21/1. И здание магазина с земельным участком.

Тел: 8-777-511-52-88.

ҚҰРМЕТТІ ТАЛАПКЕР!

«Тайынша агробизнес колледжі» КММ оқуға шақырады. Негізгі мектеп негізінде (9-сынып):

- 10130300 «Тамақтандыруды ұйымдастыру» Біліктілігі: 3W10130301 «Кондитер-ресімдеуші», 3W10130302 «Аспаз»,
- 07161600 «Ауыл шаруашылығын механикаландыру» Біліктілігі: 3W07161601 «Слесарь-жөндеуші», 3W07161603 «Ауыл шаруашылығы өндірісінің тракторшы-машинисі»

11-сынып негізінде: 10130300 «Тамақтандыруды ұйымдастыру» Біліктілігі: 3W10130302 «Аспаз» Байланыс телефоны: 8(71536)23090.

Меншік иесі: «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Газет аудан әкімінің қолдауымен шығып, мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі ресми басылымы болып табылады.

Индекс: 65710

Газет әр аптаның жұма күні шығады.

Директор -
Бас редактор
Гүл НҰРАЛИНА



Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде 2010 жылы 20 қазанда қайта тіркеліп, №10803-Г куәлігі берілген.

Газет «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің компьютерлік орталығында теріліп, беттеліп, «Старкова А.А.» ЖК-де офсеттік тәсілмен басылып 020000. Көкшетау қаласы, Әуелбеков көшесі, 98 үй.

Тапсырыс: 252. Таралымы: 1300.

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:

Солтүстік Қазақстан облысы, Тайынша қаласы, Қазақстан Конституциясы, 206-үй. БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОННЫҢ: 8 (715-36) 2-09-99

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазба қайтарылмайды. Келген хаттарға жауап жолданбайды. Жарнаманың келіп түскен материалдардың мазмұны мен мәтініне хабарлама беруші автор өзі жауапты.